

БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Әсемдікке талпыныс

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/80809/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Өзін-өзі тану сабақ жоспары Мектеп Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі Күні № 7 сабақ Сабақ тақырыбы: Әсемдікке талпыныс Құндылық : Сүйіспеншілік Қасиеттер: кешірімді болу, шынайылық, сыйластық. Мұғалім : Адиева...

Өзін-өзі тану сабақ жоспары

Мектеп Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі Күні № 7 сабақ Сабақ тақырыбы: Әсемдікке талпыныс Құндылық : Сүйіспеншілік Қасиеттер: кешірімді болу, шынайылық, сыйластық. Мұғалім : Адиева С.З. Сынып: 6 «а,б»

Сабақтың мақсаты: Сүйіспеншіліктің адам өміріндегі маңыздылығы жөніндегі түсініктерін кеңейтіп, жақсылық жасаудың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру.

Міндеттері:

Білімділік: — кешірімді болуға үйрету;

Дамытушылық: — жақсылықты шынайы жасауға баулу;

Тәрбиелік: — мейірімді, қайырымды болуға, сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

1 Ұйымдастыру кезеңі. Тыныштық сәті. «Орманға ойша серуен» Ресурстар

2. Үй тапсырмасын тексеру.

«Мейірім» Ұшқын Жамалбектің өлең жолдарын жатқа айту.

Толқимын теңіздей Сенуің керек,

Мейірімді көп іздей. Дүниені жинасаңда сәнімен.

Мына өмірдің жақсылығы Иманмен жинаған жан байлығың

Жамандықпен егіздей. Биік тұрар бәрінен.

Мына өмірдің жақсылығы — Ай толған түндей боп,

Жамандықпен егіздей. Бұлттан шыққан күндей боп,

Қайырмасы: Жан жүрегіңе мейір толсын,

Анаңның сөзіндей Тасқа шыққан гүлдей боп,

Ақ адал сезімдей, Жан жүрегіңе мейір толсын,

Мейірім керек Тасқа шыққан гүлдей боп,
Өзгені өзіндей көретін,
Әппақ пейілің керек.

3. Дәйексөз.

«Адам деген ардақты ат» Халық нақылы

— Ардақты деген ат кімдерге айтылады?

— Нағыз адам деп кімді айтамыз?

— Басқа жаратылыс иелерінен адамның артықшылығы неде?

4. Әңгімелеу

Ұлыма хат Немат Келімбетов

— Өзіндік көзқарасы бар адамға тән қасиеттер қандай деп санайсың?

— Сен өзіңді өзіндік көзқарасым бар деп санайсың ба?

— Ішкі сұлулық пен сыртқы сұлулықты қалай түсінесіңдер? Оларды жетілдіруге болама?
Қалай?

— Жан сұлулығы дегенді қалай түсінесің? Жаны сұлу адамды қалай сипаттар едің?

Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс.

1-тапсырма: Қанатты сөздерді оқып шынайы сұлулықты таңдап ,
таңдауларыңды дәлелдеңдер.

— «Сөзі райлының – жүзі шырайлы»

— «Қарапайымдылық – моральдық сұлулықтың басты шарты»

— «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын...»

— «Сыртқы сұлулық толық болуы үшін ішкі сұлулықпен жандануы керек»

— «Табиғи сұлулық дегеніміз — оның ұнамдылығы. Әрбір ұнамды мінез-құлық пен келісімді көріктен әдемілік пайда болады»

— «Қарапайымдылық дегеніміз – өзінің адамдық қадір-қасиетін түсіну»

2-тапсырма: Жағдаяттық оқып, кейіпкердің ойын жалғастырып жаз:(34бет

3-тапсырма: Адамның жан сұлулығын бейнелейтін сөздерді тауып, «Әсемдік»
сөзжұмбағын шешу.

Көлденеңінен Тігінен

5.Адамдардың бір-бірімен сезініп қарым-қатынас жасауына қажет нәрсе

6. Тірі организмнің бәріне тән мінез, ортақ қасиет

7. Әдепті, кішіпейіл адамның бойындағы жағымды қасиет

8. Кішіпейіл, қарапайым әдепті адамның қасиеті 1.Тәрбиелі, қарапайым, әдепті адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі

2.Адамшылық, жақсылық тілеу қарым-қатынастары

3.Әсем, әдемі адамның бойындағы сұлулық

4.Байыпты, ақылды адамға тән қасиет.

1а

д 2

а

м 3

г

е

4 р 5

б ш

7 қ а р а п а й ы м

8

Топпен ән айту

Ана туралы жыр Сөзі: Ғ.Қайырбековтікі,

Әні: Ш.Қалдаяқовтікі

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған.

Даланың әр гүлін жинадың сен маған.

Сен бердің құстардың қанатын самғаған,

Балалық құштарым өзіңе арналған.

Қайырмасы: Әлдилеп, аялап, өсірген жемісің,

Самал жел, сая бақ құшағың мен үшін.

Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін.

Көңіліңді көктемдей көзіңнен танимын.

Үй тапсырмасы.

Келесі сабақ: «Тәні сұлу сұлу емес, жаны сұлу сұлу» тақырыбына эссе жазу

Соңғы тыныштық сәті

Бүгінгі сабақтан алған игі қасиеттерімізді жүрегімізге қондырып, барлығымыз бірге

Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бар жерде. Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бүкіл әлемде.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.